

**2021 жылға кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Жамбыл облысы Тараз қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 8 ақпандағы № 512 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 ақпанда № 4895 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9, 27 баптарына сәйкес, Тараз қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тараз қаласы бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына карамастан барлық ұйымдар үшін 2021 жылға кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің тізімдік санынан квоталар 1, 2-қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. "Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны Тараз қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 3) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. "Тараз қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2021 жылға кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Есеналиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тараз қаласының әкімі

А. Карабалаев

Тараз қаласы әкімдігінің  
2021 жылғы 8 ақпандағы № 512  
қаулысына 1 қосымша

**2021 жылға кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар**

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері	
			Кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін	Жұмыскерлердің тізімдік санынан %
			Жұмыс орындарының саны (бірлік)	
1	"Бағыт Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	9	11,1%	1
2	Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жамбыл-Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	688	0,14%	1
3	"Тараз металлургиялық зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	811	0,12%	1
4	Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жамбыл су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	603	0,16%	1
5	"Көкжиек-2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	34	2,94%	1
6	"ТаразКожОбувь" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	161	0,62%	1
7	"Айя Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	0,71%	1
8	"Тараз промонтаж" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	0,66%	1
Барлығы		2596		8

## 2021 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері	
			Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін	Жұмыскерлердің тізімдік санынан %
1	"Жасыл Ел-Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	227	6,6%	15
2	"Бағыт Тараз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	9	11,1%	1
3	Жамбыл облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жамбыл-Жылу" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	688	0,14%	1
4	"Тараз металлургиялық зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	811	0,24%	2
5	Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жамбыл Су" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	603	0,16%	1
6	"Көкжиек-2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	34	2,94%	1
7	"ТаразКожОбувь" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	161	0,62%	1
8	"Айя Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	140	0,71%	1
9	"Тараз промонтаж" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	0,66%	1
10	"Бином" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	546	0,91%	5
11	"Ғимарат-ТемірБетон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	187	0,53%	1
12	"Аулиеата ТрансПасс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	145	0,68%	1
13	Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Тараз қалалық өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	60	1,66%	1
	Барлығы	3761		32

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК